

**Мейрамгүл САЯЖАНҚЫЗЫ,
«Мысты өңір».**

Ел басына тұтқиылдан қауіптің қара бұлтын төндірген сұрапыл соғыста жеңіске жетуімізге «Барлығы майдан үшін — барлығы Жеңіс үшін» деген ұранмен тылда аянбай еңбек еткен еңбектеген сәбиден, еңкейген кәріге дейін зор үлес қосқаны анық. Қайғының қара шәлісін жамылған қарт аналар мен қыз-келіншектер, қабырғасы қатпаған жасөспірім балалар мен қариялар майданға аттанған азаматтарынан хат-хабар күтуден сарғайды. Жақсылықтан үміт үзбеген олар күні-түні егіс басында еңбек етті. Олар аштыққа да, жоқшылыққа да төзе білді. Өздері ішпей-жемей қолдарында барларын майдан даласына жіберді. Міне, олар жеңісті осылай жақындатты.

Қанатай Жекебаева сондай тыл еңбеккерлерінің бірі. Қанатай апаның арғы атасы Жайсаңбай осы аймаққа белгілі сынықшы болған екен. Ал, әкесі Жекебай мен анасы Зейпіннен тараған жиырма баланың ішінен тірі қалғаны жалғыз өзі ғана. Жалғыздықтың жанға бататыны рас. «Жазмыштан — озмыш жоқ». Шыдап келеді.

Өрнек ауылында 1930 жылы дүниеге келген оның балалық шағы ашаршылық жылдарына тап келеді. Ал, ел басына қатер төнген 1941 жылы ол небәрі он бір жаста еді. 1939 жылы әскер қатарына алынып, Фин соғысына қатысқан ағасы Әбжан да еліне оралмады. Сол уақытта Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, ол Сталинград

«Он бір жасымда еңбекке араластым»

түбінде ерлікпен қаза табады. Орны толмас қазаның әкешешені ойсыратқаны анық. Ер-азаматтардың барлығы майданға кеткен тұста олардың орынын өзі қатарлы жас балалар, ақ жаулықты аналар мен қарт кісілер басты. Өрнек ауылы егін егіп, майданға астық жөнелтуден жоспарды асыра орындап, өзгелерге үлгі көрсетті. Балалық шақтың жарқын күндерін ойын-күлкіге, білім алуға емес, ауыр еңбекке арнаған балалар егіс



ашпаған балалардың тағдыры шынымен де аянышты еді. Үстеріне жөні түзу киім іліп көрмеген оларға аяқ киім деген арман

алқабында шығырмен су тартып, піскен егінді зырылдап жүріп құстардан қорғап, егіс алқабына бір түйір дән қалдырмай масақ терді. Ауыр жұмыстан қолдары сәл босаса болды, үлкендерге көмектесіп, жүн түтіп, оны иіруге көмектесті. Май шамның жарығында түнімен отырып, қолғап пен шұлық тоқитын. Қатыгез өмір оларды ерте есейтті. Туа сала бейнеттен көз

болатын. Жаз бойы жалаңаяқ жүргендіктен табандарының терісі қалыңдап, анау-мынау тікенді місе тұтпайтын, кәдімгі «табиғи шәркейге» айналушы еді. Иә, олар осылай ержетті.

Қарап отырса, қазір осы жайттың бірде-бірі болмағандай. Қанатай апаны сексеннің сегізінше аяқ басқан қария деп айтпайсыз. Жүрісі ширақ, ойы тың. Мұның себебін «жастайымнан ауыр жұмысқа араласып, шынығып, шыңдалуымда» деп түсіндіреді. Қанатай апаның өмірлік жары Сейітбек Темірбекұлы — Ұлы Отан соғысының ардагері. 1939 жылы қызыл әскер қатарына шақырылып, одан Ұлы Отан соғысына қатысып, Қиыр Шығыстағы жапон басқыншыларын талқандап, елге аман-есен оралған соң 1952 жылы Қанатаймен шаңырақ көтереді. Марқұм Сейітбек соғыстан соң Қарсақбай мыс қорыту зауытында зейнеткерлікке шыққанға дейін адал еңбек етті. Апланың берген алты перзентін «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» өсірген олардың бүгінде он үш немересі, жеті шөбересі бар.

Бүгінгі бейбіт өмірге, тоқшылық заманға мың да бір тәубесін айтып, ел-жұртының амандығын тілеп отыратын ақ жаулықты әже кетерімізде «елімізге бейбітшілік, жастарға иман, ісімізге береке-бірлік тілеп» ақ батасын берді. «Әумин» деп аттандық.

Суретте: Қанатай әже немерелерімен.